

## **Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Индия Республикасы Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 10 желтоқсан N 309-І

Алматыда 1993 жылғы 10 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Индия Республикасы Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

## **Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Индия Республикасы Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы Келісім**

*(1998 жылғы 29 желтоқсанда күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 6, 100-құжат)*

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Индия Республикасы Үкіметі, бұдан былай "Келісуші Жақтар" деп аталады, 1944 жылы 7 желтоқсанда Чикагода қабылданған қол қоюға ашық халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның қатысушылары ретінде, азаматтық авиация саласында өзара байланысты дамытуды және, ескертілген Конвенцияға қосымша ретінде өздеріне тиісті территориялар арасы мен олардан сыртқары жерлерге әуе қатынасын орнату мақсатында Келісім жасауды қалай отырып, төмендегідей келісімдерге келді:

### **1-бап**

#### **Айқындамалар**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылған терминдер, контекстен басқадай мән т у ы н д а м а с а :

а) "авиациялық билік орындары" атауы: Қазақстан Республикасы Үкіметіне қатысты - Көлік министрлігін, ал Индия Республикасы Үкіметіне қатысты - Азаматтық авиация Бас директорын білдіреді, немесе, екі жағдайда да, көрсетілген билік орындарының міндетін атқаруға осы кезде өкілеттік алған кез келген адамды әйтпесе ұ й ы м д ы б і л д і р е д і ;

б) "авиация кәсіпорыны" атауы - халықаралық әуе қатынасын жасауға, пайдалануға ниеттенген немесе оны жүзеге асыратын кез келген авиациялық-тасымалдау

к ә с і п о р ы н ы н

б і л д і р е д і ;

с) "әуе қатынасы" атауы - әуе кемесімен орындалатын жолаушы, жүк және пошта тасымалдарының кез келген жүйелі әуе қатынасын білдіреді;

d) "тасымалдар көлемі" атауы:

i) әуе кемесіне қатысты - маршруттың бүкіл бойында немесе оның бір бөлігінде ұшып жүрген әуе кемесінің жүк көтерімділігін білдіреді;

ii) орнатылған әуе қатынасына қатысты-пайдаланылатын әуе кемесінің тасымалдау көлемі мен белгілі мерзім ішінде толық маршрут бойында немесе оның бір бөлігінде ұшатын сол әуе кемесінің атқарған ұшу жиілігінің көбейтіндісін білдіреді.

e) "Конвенция" атауы - 1944 жылы 7 желтоқсанда қол қоюға ашық деп Чикагода қабылданған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны білдіреді және осы Конвенцияның 90 бабына сәйкес енгізілген кез келген Қосымша мен Конвенцияның 90, 94-баптарына сәйкес оның Қосымшасына немесе өзіне енгізілген кез келген түзетулерді де білдіреді, егер осы Қосымшалар мен түзетулер екі Келісуші Жақтармен д е қ а б ы л д а н ғ а н б о л с а ;

f) "тағайындалған авиакәсіпорын" атауы осы Келісімнің 3-бабына сәйкес тағайындалған және өкілеттік алған авиакәсіпорынды білдірді;

g) "халықаралық әуе қатынасы" атауы - бір мемлекеттік территориясынан астам әуе кеңістігімен жүзеге асатын әуе қатынасын білдіреді;

h) "коммерциялық емес мақсаттармен аялдама жасау" атауы - жолаушыларды, жүкті және поштаны тиеу мен түсіруден басқа кез келген мақсаттармен қонуды б і л д і р е д і ;

i) "территория" (мемлекетке қатысты) атауы - сол мемлекеттің егемендігінде жатқан жер бетін, территориялық су бетін білдіреді;

## 2-бап

### Тасымалдаулар құқығының берілуі

1. Әрбір Келісуші Жақ екінші Жаққа осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген Кестедегі маршруттар бойынша жүйеленген халықаралық әуе қатынасын орнату мақсатында осы Келісіммен анықталған құқықтарды береді. Мұндай әуе жолдары мен маршруттар бұдан былай "келісілген әуе жолдары" және "белгіленген маршруттар" деп а т а л а д ы .

2. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жаққа оның жүйеленген халықаралық әуе жолдарына қатысты мынадай құқықтар береді:

a) өзінің территориясы үстінен қонбастан ұшып өту құқығын береді;

b) өз территориясына коммерциялық емес мақсаттармен қоныс жасау құқығын б е р е д і ;

c) осы Келісімнің қағидаларына сәйкес, белгіленген маршруттар бойынша

келісілген әуе жолдарын пайдаланған кезде әрбір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорыны (-дары) осы Келісімнің Қосымшасындағы маршрут үшін екінші Келісуші Жақтың территориясында орналасқан пунктте (-терде) халықаралық сапардағы жолаушыларды, жүк пен поштаны тиеп және түсіріп отыруға құқық береді.

3. Бұл баптағы қағидалардың ешқайсысы да бір Келісуші Жақтың авиакәсіпорыны (-дары) ұшақтарының бортына екінші Келісуші Жақтың территориясында сол территориядағы басқадай пунктке тасымалданатын жолаушылар мен жүктерді, поштаны қоса есептегенде, тиеуге құқық береді деп қаралмайды.

### **3-бап**

#### **Авиакәсіпорындарды тағайындау**

1. Әрбір Келісуші Жақ белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану үшін, екінші Келісуші Жақты жазбаша түрде хабардар ете отырып, бір немесе екі авиакәсіпорынын тағайындауға құқықты болады.

2. Осындай хабарландыру алған екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары, осы Келісімнің 4 және 6 тармағындағы қағидаларға сәйкес, әрбір тағайындалған авиакәсіпорының ұшуына жедел түрде рұқсатын береді.

3. Әрбір Келісуші Жақ, екінші Келісуші Жақты жазбаша түрде хабардар ете отырып, сондай-ақ осылайша тағайындалған авиакәсіпорынына рұқсат беруден бас тартып, олардан басқасын тағайындауды талап етуге құқықты болады.

4. Әрбір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиакәсіпорынынан халықаралық әуе жолдарын пайдалануда Конвенция қағидаларына сай сол екінші Келісуші Жақта дағдылы және орынды түрде қолданылып жүрген заңдар мен ережелерде алдын-ала белгіленген шарттарды орындай алатын қабылетінің барлығына дәлелдемелер талап ете алады.

5. Әрбір Келісуші Жақ авиакәсіпорынды тағайындаған екінші Келісуші Жақтың, әйтпесе оның азаматтарының тағайындалған авиакәсіпорыны үстінен айырықша иелік билігін жүргізе алатындығына және пәрменді бақылау жасай алатындығына дәлелі жоқ барлық жағдайда, ол авиакәсіпорынына осы баптың 2-тармағында көрсетілген ұшу рұқсатын беруден бас тарта алады, немесе тағайындалған авиакәсіпорынынан осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды пайдалану үстінде қажет болады деген әрқилы шарттардың орындалуын талап ете алады.

Осы тармақта айтылып отырған "айырықша иелік билігі мен пәрменді бақылау жасау" сөз тіркестері мынадай мағынаны білдіреді:

барлық жағдайда, егер тағайындалған авиакәсіпорыны кез келген басқадай елдің немесе Үкіметтің авиакәсіпорынымен, әйтпесе басқадай кез келген елдің азаматтарымен қайсы-бір уағдаластыққа келе отырып, әуе қатынасын осы Келісім бойынша пайдаланғысы келсе, онда аталмыш авиакәсіпорынды тағайындаған Келісуші

Жақ, болмаса оның азаматтары тағайындалған авиакәсіпорыны үстінен айырықша иелік билігі бар және пәрменді бақылау жасай алады деп саналмайды, сонымен бірге, егер Келісуші Жақтың немесе оның азаматтарының қолында:

- i) тағайындалған авиакәсіпорыны мүліктерінің негізгі көлеміне иелігі болмаса;
  - ii) тағайындалған авиакәсіпорынын басқаруға пәрменді бақылау жасай алмаса; және
- д е
- iii) әуе қатынасын пайдалану кезінде қолданылатын әуе кемелерінің паркі мен құрал-жабдықтардың негізгі бөлігіне иелік ете алмайтындай және пәрменді бақылау жасай алмайтындай болса.

6. Тағайындалған және осылайша өкілеттік алған авиакәсіпорыны, осы Келісімнің 11 және 14 баптарының қағидалары орындалған жағдайда келісілген әуе жолдарын пайдалану жұмысын әрқашан бастай алады.

#### **4-бап**

##### **Рұқсатты жою және уақытша тоқтату**

1. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынының (-дарының) ұшуларына берілген рұқсатты жоюға немесе осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтардың пайдалануын уақытша тоқтата тұруға, әйтпесе сол құқықтарды пайдалану үстінде қажет болады деген әрқилы шарттардың орындалуын мынадай барлық жағдайларда талап ете алады:

а) авиакәсіпорынын тағайындаған Келісуші Жақтың немесе оның азаматтарының қолында сол авиакәсіпорынының (-дарының) үстінен айырықша иелік барлығына күмән келтіргендей немесе пәрменді бақылау жүргізе алатындығына сенбегендей барлық жағдайларда;

б) егер осы авиакәсіпорыны (-дары) өзінің ұшуына құқық берген Келісуші Жақтың заңдары мен ережелерін бұзған жағдайларда;

с) егер авиакәсіпорыны (-дары), қандай-бір себептермен болса да, осы Келісімде жазылған талаптарды орындамағандай жағдайда.

2. Егер осы баптың 1 тармағында көрсетілген рұқсатты жедел түрде жою, уақытша тоқтата тұру немесе шарттардың орындалуын талап ету заңдар мен ережелердің одан әрі де бұзылуына тиым салу үшін қажетті шара болмаса, онда сол тармақта сөз болған құқық екінші Келісуші Жақпен кеңесуден кейін барып жүзеге асады. Мұндай жағдайда кеңесулер Келісуші Жақтардың бірінен сұраныс түскен күннен бастап 60 (алпыс) күннің ішінде өткізілуі қажет.

#### **5-бап**

##### **Тасымалдар көлемін реттеу**

Шарттасқан жүйелі әуе қатынасы бойынша атқарылатын тасымалдар көлемі мынандай талаптарға сәйкес болуы тиісті:

1. Екі Келісуші Жақтардың тағайындаған авиакәсіпорынына (-дарына) белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдаланудың әділ де теңдес жағдайлары жасалатын болады.

2. Келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорыны (-дары) екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынының (-дарының) мүддесін еске ала отырып, соңғы авиакәсіпорыны осы маршрут бойынша немесе оның бір бөлігінде әуе жолын пайдаланып, тасымал атқарғанда оған зиян келтірмеуге тиісті.

3. Келісуші Жақтардың тағайындаған авиакәсіпорыны (-дары) қызмет атқаратын келісілген әуе жолдары белгіленген маршруттардағы тасымалдардың қоғамдық талғамдарына сай болулары тиісті, және әрбір авиакәсіпорынының бірінші кезектегі міндеті - авиакәсіпорынын (-дарын) тағайындаған Келісуші Жақпен басқа елдердің территорияларындағы пункттер арасында жолаушыларды, жүк пен поштаны тасымалдағанда олардың қазіргі және болжамды сұранымдарын қанағат ете алатындай сыйымдылық беру болып табылады.

4. Белгіленген маршруттар бойындағы үшінші мемлекеттердің пункттерінде тиелетін және түсірілетін жолаушыларды, жүктер мен поштаны тасымалдау шарттары жалпы принципке сай болады да, сөйтіп сыйымдылық мыналардан тәуелді болады:

а) тасымалдардың басталатын және аяқталатын елдері арасындағы тасымалдауларға деген мұқтаждықтардан;

б) келісілген әуе жолы (-дары) өтетін аймақтың тасымалдық мұқтажынан, осы аймақта орналасқан мемлекеттердің авиакәсіпорындары орнатқан жергілікті және аймақтық әуе жолдарын есепке ала отырып; және

с) трансферттік тасымалдау мұқтаждықтардан.

5. Жоғарыда келтірілген тармақтардағы принциптерді негізге ала отырып, әрбір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорындары атқаратын тасымалдар көлемі мен ұшу жиіліктері екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының арасында ұйғарыласатын болады.

6. Қайсы-бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынының атқаратын тасымалдар көлемі мен ұшу жиілігінің ауқымын арттыру бірден-бір Келісуші жақтардың территориялары арасында тасымалға деген сұраныстың көбейюіне негізделетін болады және де бұл мәселе Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары арасындағы арнайы уағдаластықтың тақырыбы болады.

## **6-бап**

### **Алымдар ставкасы**

1. Әрбір Келісуші Жақ әуежайларды пайдалану мен басқадай авиациялық қызметтер үшін әділ де орынды алым-салықтарын сала алады немесе ондай салықтарды салуға рұқсат бере алады, бірақ мұндай алымдар осы сияқты халықаралық тасымалдар атқарушы авиакәсіпорындарынан алынатын алымдардан артық болмауы тиісті.

2. Әрбір Келісуші Жақ осы сияқты алымдар алатын құзырлы орындар мен әуежай қызметін пайдаланатын тағайындалған авиакәсіпорындар арасындағы, ал мүмкін болған жағдайда сол авиакәсіпорынның мүддесін қорғайтын ұйымдар арқылы жүргізілетін кеңесулерді қоштайтын болады. Әуежай қызметтерін пайдаланушылар алым ставкаларына енгізілетін әрбір өзгерістер жайлы, ол өзгерістердің қалай жасалатыны жөніндегі өз пікірін білдіре алатындай болып алдын-ала хабардар етіледі.

3. Келісуші Жақтардың ешқайсысы да кедендік, эмиграциялық, карантиндік және басқа сол сияқты ережелерді қолдануда немесе өз бақылауында болып табылатын әуежайларды, әуе жолдарын, авиациялық және басқа қызметтік орындарды пайдалануда өзінің әйтпесе кез келген екінші Жақтың авиакәсіпорынына осы сияқты халықаралық авиатасымалдарын атқаратын басқа бір Келісуші Жақтың авиакәсіпорынына көрсетілетін қызметтен артық айырықша басымдылық бере алмайды.

## **7-бап**

### **Кедендік баж салығы мен басқадай алымдардан босату**

1. Халықаралық тасымалдарда қолданылатын әрбір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынының (-дарының) әуе кемелері, сондай-ақ олардың табельдік құрал-жабдықтары, сол әуе кемелеріне тиелген жанармай және жағармай материалдарының қоры, борттық қорлар (азық-түлік тағамдары, сусындық және темекі заттарын қоса есептегенде) екінші Келісуші Жақтың территориясына әкелінгеннен кейін барлық кедендік баж салығынан және инспекциялық алымдар мен басқадай сол сияқты алымдардан босатылады, әйтседе кері әкетілген мерзімге дейін мүлік, материалдар мен қорлар әуе кемесінің бортында қалуға тиісті.

2. Сонымен бірге, көрсетілген қызметтердің төлемақыларын қоспағанда, ондай салықтардан, баждар мен алымдардан мыналар да босатылады:

а) бір Келісуші Жақтың территориясында осы Келісуші Жақ Үкіметі орнатқан шектеу мөлшерінде алынып, және де екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиакәсіпорынының белгіленген маршрутпен ұшатын әуе кемесінің бортында тұтынуға арналған борттық қорлар;

б) бір Келісуші Жақтың территориясына екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынының белгіленген маршрутта пайдаланатын әуе кемесін тиісті

техникалық қызметтен өткізу және жөндеу үшін әкелінген қосалқы бөлшектер;

с) бір Келісуші Жақтың территориясында екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиакәсіпорынының халықаралық ұшуларда пайдаланатын әуе кемесінің тұтынуы үшін берілген жанар- және жағармай материалдары, тіпті сол қорлар мен материалдар тиелген Келісуші Жақтың территориясы шегінде жатқан маршрут бөлігінде қолданылатын болса да.

Жоғарыдағы тармақшаларда (а), (b) және (с) көрсетілген материалдар қажет болған жағдайда кедендік әкімшіліктерінің бақылауына немесе қадағалауына алынуы мүмкін.

3. Бір Келісуші Жақтың әуе кемесінің бортындағы табельдік мүліктер, сондай-ақ материалдар мен қорлар екінші Келісуші Жақтың территориясына тек осы Келісуші Жақтағы кедендік билік орындарының келісімімен ғана түсірілетін болады. Ондай жағдайда олар кері әкетілгенге дейін немесе кедендік ережелерге сәйкес басқадай қолданыс тапқанға дейін ескертілген билік орындарының қадағалауында болып жайластырылуы мүмкін.

4. Сонымен қатар барлық салықтар мен (немесе) баждардан өте ерекше жағдайда қолданылатын, бірақ бір Келісуші Жақтың территориясына екінші Келісуші Жақтың авиакәсіпорынымен әкелінетін мынадай заттар мен товарлар босатылады, атап айтқанда:

а) өкілдіктердің тұрғын жайын жабдықтау және қызметтік жағдайын жасау үшін қолданылатын заттар, мысалы: барлық құрылыс материалдарының түрлері, үй жабдықтары, оргтехникалық заттар және т.б.

б) телекоммуникацияның барлық түрлері, мәселен телетайп аппараттары және радиобайланыс аппараттары немесе басқадай әуежай шеңберінде қолданылатын құрал-жабдықтар;

с) алдын-ала орын алу (броньдау) және іс жүзінде пайдалану үшін қажет компьютерлік жүйелер, сонымен қатар авиакәсіпорынының белгілері бар багаждық қағаздар, қозғалыс кестелері, борттық карталар сияқты тағы басқадай әртүрлі ресми құжаттар. Ал, көлік құралдарына қатысты алғанда, баж салықтарынан тек қана қалалық офис пен әуежай арасында жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған автобус тәрізді автомобильдер босатылады.

## **8-бап**

### **Ұлттық заңды қолдану**

1. Бір Келісуші Жақтың халықаралық ұшулар жасап жүрген әуе кемесінің ұшып келуі мен өз территориясынан ұшып кетуін реттейтін немесе сондай әуе кемесінің өз территориясы шеңберінде пайдаланылуын, әйтпесе ұшып-қону навигациясын реттейтін заңдары мен ережелері екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынының әуе кемесіне де қолданылатын болады.

2. Бір Келісуші Жақтың өз территориясында жолаушылардың, экипаждардың жүк пен поштаның ұшып келуін, жүріп тұруын және ұшып кетуін реттейтін заңдары мен ережелері, сонымен бірге паспорттық, кедендік, валюталық, санитарлық және карантиндік ережелері жоғарыда ескертілген территорияға екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынның әуе кемесімен тасымалданып әкелінген жолаушыларға да экипаждарға да, жүк пен поштаға да қолданылатын болады.

## **9-бап**

### **Тікелей транзиттік тасымалдар**

1. Бір Келісуші Жақтың территориясы арқылы тікелей транзитпен ұшып өтетін және де сол мақсатқа бөлінген әуежайдан алыс ұзамайтын жолаушылар, багаж, жүк және пошталап, ол кездерде зорлыққа, әуе қарақшылығына және есірткілік дәрі-дәрмектерді алып жүрушілікке қарсы қауіпсіздік шараларын қолдану қажет болмаса, жеңіл-желпі ғана бақылаудан өткізіледі.

2. Тікелей транзиттік багаждар мен жүктер кедендік баждар мен басқадай сол секілді салықтардан босатылатын болады.

## **10-бап**

### **Авиация қауіпсіздігі**

1. Келісуші Жақтар өздерінің халықаралық құқықтардан туындайтын құқықтары мен міндеттеріне сәйкес, азаматтық авиация қауіпсіздігін оған заңсыз түрде араласу актілерінен қорғау жөніндегі бір-біріне қатысты алған міндеттемелерін осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады деп растайды. Халықаралық заңдар бойынша алынған өз құқықтары мен міндеттерінің жалпы қолданысын шектеп қоймай, Келісуші Жақтар сонымен бірге 1970 жылы 16 желтоқсанда Гаагада қол қойылған әуе кемесін заңсыз басып алумен күресу туралы Конвенцияның, 1963 жылы 14 қыркүйекте Токиода қол қойылған әуе кемесінің бортында жасалатын қылмыстар мен қайсы-бір басқа актілер туралы Конвенцияның және 1971 жылы 23 қыркүйекте Монреальда қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күресу туралы Конвенцияның, сондай-ақ авиация қауіпсіздігі туралы кез келген басқадай Конвенциялардың қағидаларына сәйкес әрекет-қимыл жасайды.

2. Келісуші Жақтар өтініш өтілген жағдайда әуе кемелерін заңсыз басып алу мен сол әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждардың, аэропорттар мен әуе навигациялық құралдарының қауіпсіздігіне қарсы бағытталған, сондай-ақ Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қатер туғызатын кез келген бөгде әрекеттерге жол бермеу үшін бір-біріне барлық қажетті көмекті көрсетіп отырады.

3. Келісуші Жақтар екеу-аралық қарым-қатынасында Халықаралық азаматтық авиация Ұйымы орнатқан авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге және



Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның аталмыш Қосымшаларындағы ережелерге сәйкес, сол ереже-қағидалар қаншалықты қолданымды болса, соншалықты дәрежеде қимыл-әрекет жасайды. Олар әуе кемелеріне қызмет көрсетушілерден және өз территорияларында (аумағында) тұрақтайтын немесе негізгі қызметтік орыны бар әуе кемелерін пайдаланушылардан, сонымен бірге өз территорияларындағы халықаралық әуежайлардағы қызметкерлерден де авиация қауіпсіздігі жөніндегі ереже-қағидаларға сәйкес әрекет-қимыл жасауын талап ететін болады.

4. Келісуші Жақтардың әрқайсысы да екінші Келісуші Жақтың территориясына кіру , одан ұшып кету немесе сол территория шеңберінде болу үшін қарастырылған 3-тармақта ескертілген авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен талаптардың әуе кемелеріне қызмет етушілер тарапынан ұқыпты сақталуын екінші Келісуші Жақ тікелей талап ете алады дегенге келіседі. Әрбір Келісуші Жақ өз территориясы шеңберінде әуе кемелерін қорғау және жолаушыларды, экипажды, қол жүгін, багажды, жүкті және борттық қорларды әуе кемесіне отырғызудан немесе тиеуден бұрын, әйтпесе осы процестер кезінде тексеру үшін қажетті шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Сонымен бірге әрбір Келісуші Жақ нақтылы қатер туған жағдайда арнайы қауіпсіздік шараларын қолдану туралы екінші Келісуші Жақтың қайсы-бір өтініші болса да тілектестікпен қарап қабылдайтын болады.

5. Әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты әрекет жасалған, немесе қақтығыс қатерлі туған жағдайда, әйтпесе әуе кемесінің, оның жолаушылары мен экипажының, аэропорттар мен әуе навигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілер орын алған болса, Келісуші Жақтар ондай қақтығыстарды немесе оның қауіп-қатерін жедел түрде және зардапсыз жою мақсатымен өзара байланысты неғұрлым жеңілдетуге қажетті шара қолдану арқылы бір-біріне көмек көрсететін болады .

6. Әрбір Келісуші Жақ өз территориясында заңсыз басып алу немесе басқадай заңсыз араласу актілеріне ұшыраған әуе кемесін ұшырып жіберу адам өмірін қорғаудың ең қажетті шарасы болып табылмаса, онда ол әуе кемесін жерде қалдыруды қамтамасыз ететін қажетті барлық шараларды қолданатын болады.

7. Егер Келісуші Жақтардың бірі осы бапта көрсетілген авиация қауіпсіздігі жөніндегі қағидаларды орындамағандай болса, онда екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары сыбайлас Жақтың авиациялық билік орындарынан жедел түрде кеңес өткізуді талап ете алады.

## **11-бап**

### **Тарифтер**

1. Келесі тармақтардың мақсаттары үшін "тариф" атауы, агенттік және басқа қосымша қызмет көрсетудің ставкалары мен шарттарын қоспағанда, жолаушылар мен

жүктерді тасымалдау үшін төленетін ставкалар мен осы ставкалардың қолдану шарттарын білдіреді, бірақ оған сыйақылар мен пошта тасымалдау шарттары кірмейді.

2. Бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынына (-дарына) екінші Келісуші Жақтың территориясына немесе территориясынан тасымал жасау үшін берілетін тарифтер эксплуатациялық шығындарды, орынды пайданы және әуе жолындағы жылдамдық, қолайлылық тағы басқа осындай сипаттамалар мен тиісті факторлерді қоса есептегенде ақылға сыйымды шеңберде тағайындалатын болады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген тарифтер екі Келісуші Жақтардың тағайындаған авиакәсіпорындарымен келісілетін болады және мұндай келісімге мүмкіндігінше әуе көлігінің Халықаралық Ассоциациясы (IATA) бекіткен механизмді қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

4. Осылайша үйлестірілген тарифтер екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының бекітуіне сол тарифтердің күшіне енетін болжамды мерзімінен аз дегенде 30 (отыз) күн бұрын тапсырылады. Кейбір жеке жағдайларда ескертілген билік орындарының келісімімен бұл мерзімнің қысқартылуы мүмкін.

5. Мұндай бекіту арнайы түрде берілуі мүмкін, егер авиациялық билік орындарының ешқайсысы да тариф жөніндегі ұсыныс түскен күннен кейінгі 30 (отыз) күннің ішінде өз келіспеушілігін осы баптың 4 тармағына сәйкес білдірмеген болса, онда ол тарифтер бекітілген болып саналады. Егер тариф жөніндегі ұсыныс беру мерзімі 4 тармақта көрсетілгендегідей қысқартылған болса, онда авиациялық билік орындары өз келіспеушілігін хабарлау мерзімінің 30 (отыз) күннен төмен қысқартылғанымен келіседі.

6. Егер тағайындаған авиакәсіпорындар қайсы-бір тарифті бекіту мәселесі жөнінде келісімге қол жеткізе алмаса, немесе басқадай бір себептермен ол тарифтер осы баптың 3-тармағына сәйкес белгіленбеген болса, немесе осы баптың 5-тармағында көрсетілген мерзім ішінде бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарына осы баптың 3 тармағына сәйкес келісілген тарифтердің бірімен өзінің келісе алмайтындығы жайлы хабарласа, онда екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары мұндай тарифтерді екіжақтық келісім арқылы орнатуда тырысады.

7. Егер авиациялық билік орындары өздерінің қарауына осы баптың 4 тармағына сәйкес тапсырылған қайсы-бір тарифті бекітуде келісімге келе алмаса, немесе осы баптың 6-тармағына сәйкес қайсы-бір тариф орнатылмаса, онда дау-дама бұл Келісімнің 17 бабындағы қағидалармен сәйкес шешілетін болады.

8. Осы баптың қағидаларына сәйкес орнатылған тарифтер баптағы қағидалармен сәйкестенген жаңа тарифтер орнатылған мерзімге дейін күшінде қалады, сонымен бірге тариф күшінің сақталу мерзімі бұл тармақтың негізінде тариф пәрменділігі біткеннен кейінгі 12 (он екі) айдан артық созылмайды.

## 12-бап

### Табыстарды аудару

1. Әрбір Келісуші Жақтың авиакәсіпорынына тапқан табысы мен шыққан шығысының айырмасын өзінің басты офісіне аударып отыру құқы беріледі. Дегенмен, мұндай ақша аударымдары территориясында табыс түскен Келісуші жақтың шетелдік валюта алмастыру ережелерінің негізінде және соған сәйкес кез келген еркін конверсияланатын валютамен жасалатын болады.

2. Мұндай ақша аударымдар валюталық төлемдердің ресми алмастыру курсының негізінде жасалады, немесе ресми алмастыру курсы болмаса, онда валюталық төлемдердің нарықтық алмастыру курсы үстем болады.

3. Екі Келісуші Жақтың арасында күнделікті төлемнің реттеу жолын белгілейтін арнайы уағдаластық болған жағдайда, мұндай уағдаластықтың шарттары қорларды аударуда осы баптың 1 тармағына сәйкес қолданылады.

## 13-бап

### Өкілдік

1. Бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынына екіжақты негізде екінші Келісуші Жақтың территориясында өзінің өкілдерін және де келісілген әуе жолдарын пайдаланумен байланысты қажетті коммерциялық оперативтік және техникалық персоналдарын ұстауға рұқсатты беретін болады. Керек жағдайда ондай персонал кез келген Келісуші Жақтың азаматтарынан құралады.

2. Тағайындалған авиакәсіпорынның қалауы бойынша, ондай персоналға деген мұқтаждығы өзіндік мамандардан немесе екінші Келісуші Жақтың территориясында жұмыс істейтін, сонымен бірге, сол Келісуші Жақтың территориясында осындай қызметтерді атқаруға өкілеттігі бар басқадай ұйымдардың, компаниялардың немесе авиакәсіпорындарының адамдарынан құралуы ықтимал.

3. Өкілдер мен персоналдар екінші Келісуші Жақтың пәрменді заңдары мен ережелеріне бағынатын болады және, сол заңдар мен ережелерге сәйкес, ондай Келісуші Жақ, екі-жақты негізде және жедел түрде, осы баптың 1 тармағында айтылған өкілдер мен персоналдардың жұмыс істеуіне қажетті рұқсатын, қызметтік визасын немесе басқадай сол сияқты құжаттарды беретін болады.

4. Екі жақты принципке сүйене отырып, әрбір Келісуші Жақ территориясында авиатасымалдау жұмыстарын сатумен екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорынының тікелей өзі айналасуына немесе қалауы бойынша өзінің агенттері арқылы айналысуына рұқсат береді. Әрбір тағайындалған авиакәсіпорын ондай тасымалдарды сатуға құқылы болады, сонымен бірге кез келген адам ол тасымалдарды жергілікті немесе еркін конверсияланатын валютаға еркін сатып ала алады.

## **14-бап**

### **Оперативтік ақпаратты қамтамасыз ету**

1. Әрбір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары, келісілген әуе жолдарын іске қосу мерзімінен кем дегенде 60 (алпыс) күн бұрын, өзі тағайындаған авиакәсіпорны (-дары) тарапынан екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының қарауына және бекітуіне әуе қатынасының түрі мен оның жиілігіне, қолданылатын әуе кемесінің түрі мен ұшу кестесіне байланысты ақпараттар тапсыруын қамтамасыз ететін болады. Бұл сияқты ақпарат келісілген әуе жолдарын пайдалануға қатысты қайсы-бір өзгерістер енгізілетін жағдайда кем дегенде 30 (отыз) күн бұрын тапсырылатын болады.

2. Осы Келісімнің талаптары тиісті деңгейде сақталатынын растау үшін керекті кез келген басқадай ақпаратты екінші Жақтың авиациялық билік орындары сұрай қалған жағдайда тағайындалған авиакәсіпорындар оларды да тапсыратын болады.

## **15-бап**

### **Статистикалық ақпарат**

Бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары өздері тағайындаған авиакәсіпорны (-дары) тарапынан екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарына келісілген әуе жолдарында әрбір айдың ішінде және екінші Келісуші жақтың территориясынан жасалған тасымалдауларға байланысты, сол тасымалдарын тиелген және түсірілген пункттерін көрсете отырып, статистикалық ақпарат берілуін қамтамасыз етеді. Мұндай мәліметтер әрбір айдан кейін уақтылы тапсырылып отыратын болады.

## **16-бап**

### **Кеңестер мен өзгерістер**

1. Осы Келісімді және оның Қосымшасын орындауға, тиісті дәрежеде орындау мен түсіндіруге қатысты барлық мәселелер бойынша тығыз ынтымақтастықта болу мақсатымен Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары арасында мезгіл-мезгіл Кеңестер өткізіліп тұратын болады.

2. Мұндай авиациялық билік орындары арасында жүргізілетін кеңестер сұраныс түскеннен кейінгі 60 (алпыс) күнде басталуға тиісті, егер екі Келісуші Жақ бұл мерзімді ұзартқысы келмесе. Осылайша келісілген әрбір өзгерістер дипломатиялық ноталармен алмасып оларды бекіткеннен кейін ғана күшіне енеді.

3. Қосымшаға кіретін өзгертулер Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының келісімі бойынша енгізіледі және өзара хат алмасу арқылы бекітілетін болады.

## 17-бап

### Дау-дамаларды реттеу

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты Келісуші Жақтардың арасында туындайтын әрбір дау-дама әуелі олардың арасындағы тікелей келіссөздер арқылы шешілетін болады.

2. Егер Келісуші Жақтар келіссөздер үстінде уағдаластыққа келе алмаса, онда олар дау-даманың қаралуын басқа адамға немесе ұйымға тапсыра алады; егер ондай шешім жолына олар келіспесе, онда Келісуші Жақтардың бірінің өтініші бойынша дау-дама Төрелік соттың қаралуына тапсырылатын болады, ол үшін Келісуші Жақтардың әрқайсысы өз төрешілерін тағайындайды. Тағайындалған төрешілер Төрелік соттың төрағалық міндеті жүктелетін үшінші төрешіні анықтайды. Келісуші Жақтар дау-дама мәселесін Төрелік сот арқылы шешу туралы дипломатиялық каналдар бойынша ұсыныс хабарын алғаннан кейінгі 60 (алпыс) тәуліктің ішінде өз төрешілерін тағайындайды. Төрелік соттың төрағасы келесі 60 (алпыс) күннің ішінде тағайындалады. Егер Келісуші Жақтардың бірі өз төрешісін тағайындамаса немесе белгіленген мерзімде Төрелік соттың үшінші мүшесі тағайындалмаса, онда Келісуші Жақтар төрешіні және (немесе) Төрелік соттың төрағасын дайындауды Халықаралық азаматтық авиация Ұйымы Кеңесінің Төрағасынан өтіне алады. Барлық жағдайда үшінші төреші үшінші елдің азаматы болуы керек.

3. Төрелік сот өз жұмысының тәртібі мен төрелік соттың қызметаралық және қорытынды шығындарындағы әр Жақтың үлестік шамасын орнататын болады.

4. Келісуші Жақтар осы баптың 2 және 3 тармақтарына сәйкес қабылданған шешімдерді орындауға міндеттенеді.

## 18-бап

### Көпжақты авиациялық конвенцияларды қолдану

1. Осы Келісімге сай орнатылған әуе қатынасына қолданымды дәрежедегі Конвенциялардың қағидалары, бұл Келісімнің Келісуші Жақтар үшін пәрменділігі бар кезде, сонымен бірге Келісуші жақтардың екеуі де Конвенцияларға енетін қызмет талабына сай енгізілген кез келген қосымшаны тиісті тәртіппен бекіткен мерзімге дейін, өздерінің бұрынғы күшінде қалатын болады. Бұл жағдайда толықтырылған Конвенция осы Келісімнің пәрменділігі бар мерзім ішінде күшін сақтайтын болады.

2. Егер жалпылама қабылданған көпжақты авиациялық Конвенция екі Келісуші Жаққа бірдей қатысты болып күшіне енсе, онда мұндай Конвенциялардың қағидаларының күші үстем болады.

## **19-бап**

### **Қосымша**

Бұл Келісімге тіркелген Қосымша осы Келісімнің бір бөлігі болып саналады, және бұл Келісімге қатысты сілтемелердің бәрі басқадай арнайы ештеңе ескертілмесе Қосымшадағы сілтемелерді де қамтитын болады.

## **20-бап**

### **Тіркеу**

Осы Келісім және оған кейін енгізілген әрқилы өзгертулер Халықаралық азаматтық авиация Ұйымының Кеңесінде тіркелетін болады.

## **21-бап**

### **Келісім күшінің тоқтатылуы**

Келісуші Жақтардың қай-қайсысы да кез келген уақытта дипломатиялық арналар арқылы екінші Келісуші Жаққа осы Келісімнің күшін тоқтату туралы өз ниетін мәлімдеуге мүмкіндік алады; мұндай мәлімдеме жедел түрде Халықаралық азаматтық авиация Ұйымының Кеңесіне жіберілетін болады. Бұл жағдайда, егер осы мәлімдеме-хат төмендегі мерзімнің ішінде келісілген түрде кері қайтарылып алынбаса, онда сол мәлімдеме-хатты екінші Келісуші жақ алған күннен кейінгі 12 (он екі) айдың ішінде Келісімнің күші тоқтатылады. Екінші Келісуші Жақтың осы мәлімдеме-хатты алғаны туралы растау құжат болмаса, бұл мәлімдеме-хат халықаралық азаматтық авиация Ұйымына түскеннен кейінгі 14 (он төрт) күннің ішінде оны екінші Келісуші Жақ та алды деп саналатын болады.

## **22-бап**

### **Күшіне кіруі**

Қажетті конституциялық процедуралар орындалғаннан кейін бұл Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Өздерінің тиісті Үкіметтерінен заңды түрде өкілеттік алған төмендегі қол қоюшылар жоғарыда мазмұндалған жағдайларды растай отырып, осы Келісімге қол қойды.

Келісім Алматы қаласында 1993 жылдың 10 қыркүйек күні екі түпнұсқа дана болып, әрқайсысы қазақ, хинди және ағылшын тілдерінде жасалды, сонымен бірге барлық текстілердің де күші теңдес болады. Дау-дамалар туған жағдайда ағылшын тіліндегі текстінің күші басым болады.

## Қосымша

### 1-бөлім

Қазақстан тағайындаған авиакәсіпорындардың келісілген әуе жолдарын мынадай маршруттар бойынша пайдалануға құқысы бар:

Ұшып шығу пункттері	Аралық пункттер	Ұшып бару пункттері	Сыртқары жатқан
Қазақстандағы пункттер	Пакистан Қытай	Нью-Дели Калькутта	Пакистан Қытай
	И р а н		И р а н
Ауғанстан	Ауғанстан		

### 2-бөлім

Индия тағайындаған авиакәсіпорындардың келісілген әуе жолдарын мынадай маршруттар бойынша пайдалануға құқысы бар:

Ұшып шығу пункттері	Аралық пункттер	Ұшып бару пункттері	Сыртқары жатқан
Индиядағы пункттер	Қырғызстан Тәжікстан	Алматы	Қырғызстан Тәжікстан
	Түрікменстан Әзірбайжан		Түрікменстан Әзірбайжан
Өзбекстан	Өзбекстан		

### Е с к е р т у

1. Келісуші Жақтардың тағайындаған авиакәсіпорындары екінші Келісуші Жақтың территориясындағы ұшып бару пункттері мен аралық пункттері және тиісті маршрут таблицасында көрсетілген сыртқары жатқан пункттер арасында, әрбір ұшу кезінде ұшу жұмысын атқаруға Бесінші дәрежелі еркіндік берілмейтін айналымды-симметриялық емес (round-robin) қатынастарды пайдалана алады.

2. Кез келген аралық пункт пен сыртқары жатқан пункттерде ұшу жұмысын атқаруына Бесінші дәрежелі еркіндік берілмейтін әрбір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорындарымен қызмет көрсетілетін болады.

